




## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 29 қараша

### 2018 жылғы қазандағы БЖЗҚ зейнетақы активтері бойынша инвестициялық қызметке қысқаша шолу


**Жалпы портфель.** БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялау стратегиясына сәйкес олардың сақталуын және кірістілікті қамтамасыз етуге бағытталған инвестициялық портфельді әртараптандыру мақсатында зейнетақы активтері валюталар, елдер, секторлар және эмитенттер бойынша қаржы құралдарының әр түріне инвестицияланады.

2018 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша БЖЗҚ зейнетақы активтері портфелінің көлемі **9 051,9 млрд теңгені**, оның ішінде теңгемен номинирленген ақша қаражаты мен қаржы құралдары **6 248,7 млрд** теңгені немесе 69,0%-ды, шетел валютасында номинирленген ақша қаражаты мен қаржы құралдары **2 803,2 млрд** теңгені немесе 31,0%-ды құрады.



**Төңгемен номинирленген зейнетақы активтерінің портфелі.** БЖЗҚ-ның төңгемен номинирленген зейнетақы активтері Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңес жыл сайын мақұлдайтын бағыттар шеңберінде ғана инвестицияланады. 2018 жылы аталған Кеңес Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарын сатып алу, портфельді әртараптандыру үшін шетел валютасын сатып алу, халықаралық қаржы ұйымдарының, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, екінші деңгейдегі банктердің және басқа да корпоративтік қазақстандық эмитенттердің бағалы қағаздарын сатып алу сияқты БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялау бағыттарын мақұлдады.

## Теңгедегі портфельдің құрылымы



**Теңгемен инвестициялар.** 2018 жылғы қазанда теңгемен номинирленген зейнетақы активтерін инвестициялау көлемі **42,2 млрд теңгені** құрады (ақша нарығының құралдарына жасалған инвестицияларды есепке алмағанда<sup>1</sup>), оның ішінде:

- жылдық 9,3% кірістілігі бар 10,0 млрд теңге сомаға «Баспана» ИҰ» АҚ облигациялары сатып алынды;
- жылдық 9,5% кірістілігі бар 5,0 млрд теңге сомаға Еуразиялық даму банкінің облигациялары сатып алынды;
- экономиканы қолдау үшін ҚР екінші деңгейдегі банктерін 200 млрд теңге сомаға қаржыландыру жөнінде жарияланған бағдарлама шеңберінде жылдық 11,9% орташа сараланған кірістілігі бар жалпы сомасы 27,2 млрд теңгеге екінші деңгейдегі банктердің облигациялары сатып алынды.

Қаралып отырған кезеңде теңгемен бос ақшалай қаражат ақша нарығының қысқа мерзімді құралдарына да орналастырылды. Бұл ретте аталған инвестициялар инвестициялаудың стратегиялық мақсаты болып табылмайды және зейнетақы активтерінің кірістілігін қолдау үшін ағымдағы өтімділікті басқару шеңберінде жүзеге асырылады.

**Теңгемен өтеу және сату.** 2018 жылғы қазанда белгіленген мерзімдерге сәйкес 30,24 млрд теңге сомаға ҚР Қаржы министрлігінің МБҚ өтелді.

Қаралып отырған кезеңде екінші деңгейдегі банктердің бастамасы бойынша банктік салым шарттарында белгіленген талаптарға сәйкес жалпы сомасы 2,2 млрд теңгеге депозиттер бойынша негізгі борышты мерзімінен бұрын ішінара өтеді.


Есепті кезеңде бағалы қағаздар сатылған жоқ.

### **Шетел валютасында номинирленген зейнетақы активтерінің портфелі.**

Шетел валютасында номинирленген БЖЗҚ зейнетақы активтері БЖЗҚ Инвестициялық декларациясында белгіленген валюталық активтерді инвестициялаудың жалпы құрылымына және стратегиясына сәйкес инвестицияланады.

<sup>1</sup> ҚРҰБ ноттары мен депозиттері, ҚР МБҚ кепілге бере отырып «Валюталық своп» және «Кері репо» операциялары

## Валюталық портфель құрылымы



**Шетел валютасымен инвестициялар.** 2018 жылғы қазанда шетел валютасында номинирленген зейнетақы активтерін инвестициялау көлемі **131,3 млрд теңге** болды, оның ішінде:

- жылдық 2,3% кірістілігі бар 74,7 млрд теңге сомаға АҚШ-тың қысқа мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздары сатып алынды;
- жылдық 4,2% орташа алынған кірістілігі бар 12,7 млрд теңге сомаға АҚШ долларында номинирленген Перудің мемлекеттік бағалы қағаздары сатып алынды;
- жылдық 3,8% кірістілігі бар 1,5 млрд теңге сомаға АҚШ долларында номинирленген Филиппиннің мемлекеттік бағалы қағаздары сатып алынды;
- жылдық 4,1% орташа алынған кірістілігі бар жалпы сомасы 28,5 млрд теңгеге АҚШ долларында номинирленген Қытайдың квазимемлекеттік секторы эмитенттерінің облигациялары сатып алынды;
- жылдық 4,5% орташа алынған кірістілігі бар жалпы сомасы 13,9 млрд теңгеге АҚШ долларында номинирленген Чилидің квазимемлекеттік секторы эмитенттерінің облигациялары сатып алынды.

Дамушы елдер эмитенттерінің бағалы қағаздарына салынған инвестициялар шеңберінде инвестициялық деңгейдегі кредиттік рейтингтерге сәйкес келетін «BBB-» деңгейіндегі ең төменгі кредиттік рейтингі бар Қытай мен Чилидің квазимемлекеттік секторының 4 эмитентінің еурооблигациялары сатып алынды. Аталған бағалы қағаздардың эмитенттерін 100% мемлекет бақылайды.

Еурооблигациялардың әрбір шығарылымын сатып алу үлесі шамалы ғана және әрбір шығарылым айналысындағы көлемнің 0,4%-нан бастап 2,5%-на дейінгі мөлшерді құрайды. Еурооблигациялардың жоғарыда көрсетілген шығарылымдары танымал және ірі инвестициялық қорлар барынша жаңартып отыратын, JPMorgan компаниясы бақылайтын EMBIG (Emerging Markets Bond Index Global) дамушы елдер облигацияларының индексі кіреді.

Эмитент	ISIN	Эмитенттің ең төменгі рейтингі	Айналыстағы шығарылымнан сатып алу үлесі, %	Сала
Sinopec GRP Overseas	USG8201JAC56	A+	0,67%	Қытайдағы мұнай мен газ өндіру шамасы

DEV	USG8200QAB26		0,99%	бойынша екінші ірі мұнай өнімдерін жеткізуші, әлемдегі химиялық компаниялар шамасы бойынша екінші ірі мұнай өңдеуші компания болып табылатын Қытайдың мемлекеттік мұнай-химиялық компаниясы.
	USG8201NAH55		0,67%	
	USG82003AE76		0,43%	
State Grid Overseas	USG8449WAC85	A+	0,50%	Қытайдың мемлекеттік электр желілері корпорациясы шамамен 1,1 млрд адамды электр энергиясымен қамтамасыз ететін әлемдегі ірі электр желілік компаниясы болып табылады. 2017 жылдың қорытындысы бойынша компания Fortune Global 500 рейтингі бойынша түсімнің көлемі жағынан әлемнің ірі компанияларының тізімінде 2-орын алды.
	USG8450LAJ38		0,77%	
	USG8450LAN40		1,58%	
Empresa Nacional DEL PET	USP37110AJ50	BBB-	2,50%	Чилидің мемлекеттік мұнай корпорациясы. Компанияның мақсаты көмірсутегі мен олардың туындыларын барлау, өндіру және сату болып табылады.
	USP37110AK24		1,43%	
Codelco Inc	USP3143NAY06	A-	0,87%	Шетелдік иеленушілердің меншігін ұлт меншігіне алу арқылы 1976 жылы құрылған Чилидің ұлттық мыс корпорациясы. Компанияның құрамына мыс кенін өндіруді және қайта өңдеуді жүзеге асыратын жеті өндірістік бөлімше кіреді.

**Шетел валютасында өтеу және сату.** 2018 жылғы қазанда белгіленген мерзімдерге сәйкес АҚШ-тың мемлекеттік бағалы қағаздары бойынша негізгі борыш 22,1 млрд теңге сомаға өтелді.

Есепті кезеңде 15,2 млрд теңге сомаға Түркияның мемлекеттік бағалы қағаздары сатылды.

**Инвестициялық қызметтің нәтижелері.** 2018 жылғы 10 айда есептелген инвестициялық кіріс мөлшері **765,3 млрд теңгені** құрады.

Бұл ретте 2018 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша БЖЗҚ салымшылары (алушылары) үшін соңғы 12 айдағы (2017 жылғы қарашадан бастап 2018 жылғы қазанға дейін) зейнетақы активтерінің кірістілігі 5,3% мөлшеріндегі инфляция кезінде **10,2%-ды** құрайды. Осылайша, соңғы 12 айда БЖЗҚ зейнетақы активтері бойынша нақты кірістілік **4,9%-ды** құрады.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)